

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 маусым N 794

"Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 29 тамыздағы N 1845 және "Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институты мен Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы" 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2289 қаулыларын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару мектебіне Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан оқудың бір жылдық цикліне /1995 оқу жылы/ 15 адам мөлшерінде тыңдаушылар қабылдау жариялансын, бұл орайда министрліктер, комитеттер және ведомстволар аппаратының басшы қызметкерлері /басқарма бастығынан төмен емес/, облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі өкілетті және атқарушы органдардың қызметкерлері қатарынан тиісті министрліктер /ведомстволар/ мен облыстар әкімдерінің ұсынуы бойынша 7 тыңдаушы қабылдансын.

Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне ҚМЭБИ/ҰЖМБМ-ның Қамқоршылар Кеңесімен келісе отырып, жұмыс стажы бар аспиранттардың, жоғары оқу орындары түлектерінің, сондай-ақ төлем жасау негізінде түсушілердің қатарынан 15 адам мөлшерінде қосымша тыңдаушылар қабылдауға рұқсат етілсін.

Тыңдаушыларды қабылдау, түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде, ал төлем жасау негізінде түсушілермен-әңгіме өткізу қорытындылары бойынша жүзеге асырылсын.

2. Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы "8" маусымдағы
N 794 қаулысына

ҚОСЫМША

Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне

/ҰЖМБМ/ тыңдаушылар қабылдау жөніндегі

қабылдау комиссиясының

ҚҰРАМЫ

Сембаев Д.Х. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
төрағасы, төраға

Висанти Кристиан - ҰЖМБМ-ның қоса атқарушы-директоры,
төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері

Жүкеев Т.Т. - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы

Кәкімжанов З.Х. - Қазақстан Республикасы Халық банкі
Басқармасының төрағасы, ҚМЭБИ және
ҰЖМБМ Қамқоршылар Кеңесінің мүшесі

Малиновский В.А. - Конституциялық соттың судьясы

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі төрағасының орынбасары

Пирожников Г.И. - Қазақстан Республикасы Президентінің
Аппараты Кадр саясаты бөлімінің
меңгерушісі

Пепенин А.С. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті Аппараты Кадрлар бөлімінің
меңгерушісі

Пан Л.Ю. - ҰЖМБМ-ның конкурстар және емтихандар
қызметінің жетекшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК